

# SONY®

4-733-502-31(1)



4783502311

# Телевизор

## Анықтама нұсқаулығы



# BRAVIA

OLED

KD-65AF8 / 55AF8

# Мазмұны

ЕСКЕРТУ	3
Қауіпсіздік жөніндегі мәліметтер	3
Сақтандыру шаралары	5
Теледидар экранын (ОЖШД теледидары) қорғау	6
Бөлшектер мен басқару құралдары	7
Басқару құралдары мен индикаторлар	7
Қашықтан басқару құралын пайдалану	8
Қашықтан басқару құралы бөлшектерінің сипаттамасы	8
Байланыс диаграммасы	10
Теледидарды қабырғаға бекіту	13
Ақаулықты жою	15
Ақаулар және шешімдер	15
Техникалық сипаттары	16

## Интернет қосылымы және деректер құпиялылығы

Бұл өнім бастапқы орнату барысында Интернетке қосылады және Интернет қосылымын растап, Басты экранды теңшеу мақсатында желі қосылады. Осы және барлық басқа Интернет қосылымдарында IP мекенжайы пайдаланылады. Егер IP мекенжайыңызды пайдаланғыңыз келмесе, сымсыз Интернет функциясын орнатпаңыз және Интернет кабелін қоспаңыз. Интернет қосылымдарының қосымша мәліметтерін орнату экрандарында көрсетілген құпиялылық ақпаратынан қараңыз.

## Кіріспе


Sony өнімін қолданғаныңызға рахмет. Теледидарды қолданбас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және болашақта қолдану үшін сақтап қойыңыз.

## Ескертулер

- Теледидарды іске қосу алдында, «Қауіпсіздік жөніндегі мәліметтер» оқыңыз (бет 3).
- Орнату нұсқаулығы мен осы нұсқаулықта көрсетілген кескіндер тек анықтама үшін берілген және нақты өнімнен өзгешеленуі мүмкін.
- Сатуды күшінде тұрған заң талаптарына сәйкес жүзеге асыру керек. Қызмет мерзімі біткен бұйымды күшінде тұрған заң талаптарына сәйкес залалсыз кәдеге асыру керек.

## Үстел тұғырын ТД-ға бекіту.

Қаптауыш материалдың жоғарғы бөлігіне орнату жөніндегі нұсқаулықпен танысыңыз.



## Анықтама

Ақауларды жою жөнінде ақпаратты, сондай-ақ басқа пайдалы ақпаратты өз ТД-дан тікелей біліңіз. Тарауларды бейнелеу үшін немесе түйінді сөз бойынша іздеу үшін қашықтан басқару пультіңде **HELP** басыңыз.

## Көмекші нұсқаулық (нұсқаулық)

Толығырақ ақпарат алу үшін өз ТД-ғы «Анықтама» мәзірінен [Көмекші нұсқаулық] таңдаңыз. Сондай-ақ Сіз өз ДК немесе смартфонңыздағы Көмекші нұсқаулықпен таныса аласыз (ақпарат мұқабаның артқы жағында келтірілген).

## Сәйкестендірме жапсырмасының орны

Үлгі № белгілері, Шығарылған күні (жылы/айы) және қуат көзінің сипаттамасы теледидардың артқы жағында немесе қаптамасында орналасқан. Оларды тұғыр қақпағын алып тастап табуға болады.

Өндіруші: Сони Визуал Продактс Инк.

Өндіруші мекенжайы: 2-10-1 Осаки Шинагава-ку Токио, 141-8610 Жапония

Словакияда жасалған

Өндіруші ел өнімде және қорапта көрсетілген.

# EAJ


Кеден одағы жеріндегі шетелден әкелуші: «Сони Электроникс» АҚ, Ресей, 123103, Мәскеу, Карамышевский өтпе көшесі, 6  
Қазақстан жеріндегі тұтынушылардың шағым-талаптарын қабылдауға уәкілетті ұйым «Сони Электроникс» АҚ  
Қазақстандағы Әкілдігі, 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 117/7 Ұй

# ЕСКЕРТУ

## ӨРТ ҚАУПІН ТУДЫРМАС ҮШІН МАЙ ШАМ НЕМЕСЕ БАСҚА АШЫҚ ЖАЛЫНДЫ ЗАТТАРДЫ БҰЛ ӨНІМНЕН ӘРҚАШАН АЛШАҚ ҰСТАҢЫЗ.



- Теледидарды шығарылмайтын, аударылмайтын немесе құламайтын жерге орнатыңыз.
- Теледидарды оның түбі теледидар тұғырынан (бірге берілмейді) шықпайтындей етіп орнатыңыз. Егер ТД түбі теледидар тұғырынан шығатын болса, ол теледидардың ауып, құлап кетуі және теледидарға зиян келтіруі немесе зақымдауы мүмкін.



## ЕСКЕРТУ

### Өнім атауы: Телевизор

## Қауіпсіздік жөніндегі мәліметтер

### ЕСКЕРТУ

#### Сақтық шаралары

Егер батареясы бірегей батареяға ауыстырылмаса, жарылу қаупі бар.

Батареялар күн көзі, от және т.б. әсерлер салдарынан аса қызып кетпеу керек, әйтпесе ауаның төмен қысымы жанғыш сұйықтықтың немесе газдың жарылуына немесе жылыстауына әкел соғуы мүмкін.

#### Тұрақсыз күйдегі қауіптер

Телевизор құлап, елеулі жеке жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Телевизорды тұрақсыз орынға ешқашан қоймаңыз. Телевизор құлап, елеулі жеке жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Көптеген, әсіресе, балалар жарақаттары келесідей қарапайым сақтық шараларын орындаумен болдырылмайды:

- Телевизор өндірушісімен ұсынылатын кабиналар немесе тіректер пайдаланыңыз.
- Телевизорды қауіпсіз түрде тірейтін жиһазды ғана пайдаланыңыз.
- Тірейтін жиһаз шетіне телевизор ілінбегенді тексеріңіз.
- Телевизор мен жиһазды үйлесімді тірекке бекітпей телевизорды биік жиһазға (мысалы, сөре немесе кітап сөресі) орналастырмаңыз.
- Телевизор мен тірейтін жиһаз арасында орналасуы мүмкін матаға немесе басқа материалдарға телевизорды орналастырмаңыз.
- Теледидар немесе басқару құралдарына жету үшін жиһаздың үстіне шығу қауіптері туралы балаларыңызға ескертіңіз. Егер бар телевизор бекітілсе және қайта орналастырылса, жоғарыда көрсетілгендей ұсыныстар қолданылуы керек.

### Орнату және қосу

Өрт, электр тоғы немесе басқа бұзылулар мен/немесе жарақаттардан сақтану үшін, теледидар құрылғысын келесі нұсқамаларға сай орнатыңыз.

Электр сымы немесе басқа жабдық арқылы ғимараттың қорғаныс жерге тұйықтауына қосуды, қорғаныс жерге тұйықтаумен біріктірілген, және коаксиальдық кабельдің көмегімен кабельдік теледидар жүйесіне қосуды құрылғы тиісті жағдайлар кезінде өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін. Сондықтан кабельдік хабар тарату жүйесіне қосылу жиіліктердің белгілі диапазонынан төмен электрлік оқшаулауды қамтамасыз ететін құрылғы арқылы (гальваникалық ажыратқыш, EN 60728-11 қараңыз) жүзеге асырылады.

#### Орнату

- Теледидар құрылғысын қуат көзіне жақын жерде құрау қажет.
- ТД аударылуын және жеке жарақат немесе мүлкіңіз зақымдалуын болдырмау үшін оны тұрақты, тегіс бетке орнатыңыз.


- Қабырғаға ілуді тек қана білікті маман орындау керек.
- Қауіпсіздік үшін, тек қана Sony жабдықтарын қолдануға кеңес беріледі, соның ішінде:
  - Қабырғаға орнататын кронштейн: SU-WL450
- Қабырғаға орнатылатын кронштейнді ТД жиынтығына бекіткен кезде, ТД-мен берілген бұрандаларды пайдаланыңыз. Бірге берілген бұрандалар суретте көрсетілгендей пайдаланылады және Қабырғаға орнататын кронштейннің бекітілетін бетінің аралығынан өлшенеді. Қабырғаға ілу тіреуішінің үлгісіне қарай бұрандалардың диаметрі мен ұзындығы әр-түрлі болады. Қамтамасыз етілмеген бұрандаларды қолдану теледидарға зақым келтіруі мүмкін немесе құлап қалуына себеп болуы мүмкін.

10 мм - 14 мм




### Тасымалдау

- Теледидарды тасымалдар алдында барлық кабельдерді суырыңыз.
- Үлкен теледидар құрылғысын көтеру үшін екі немесе үш адам керек.
- ТД-ды қолмен тасымалдау кезінде оны төменде көрсетілгендей ұстаңыз. Панельге және экран айналасындағы жақтауларға күш түсірмеңіз.




- Қолданғанда немесе орнатқанда, теледидарды жатқызбаңыз.



- Теледидарды тасымалдаганда соғып алмаңыз және қатты тербелістен сақтаңыз.
- Теледидарды жөндеуге апарғанда немесе көшкенде өзінің картон жәшігі мен орама материалдарын қолданыңыз.


## Аударылуды болдырмау



## Желдету


- Желдету саңылауларын жауып тастамаңыз және саңылауларға ешнәрсе енгізбеңіз.
- Теледидар айналасында төменде көрсетілгендей орын қалдырыңыз.
- Дұрыс ауа айналымымен қамтамасыз ету үшін Sony қабырғаға орнататын кронштейн пайдалану қатаң ұсынылады.

## Қабырғаға ілгенде



Теледидар айналасында тым болмағанда осынша орын қалдырыңыз.


## Түпқоймасына орнату



Теледидар айналасында тым болмағанда осынша орын қалдырыңыз.

- Тиісті желдетуді қамтамасыз етіп, кір мен шаңның жиналуына жол бермеу үшін:
  - Теледидарды шалқасынан, басын төмен қаратып, артқы жағымен немесе қырымен қоймаңыз.
  - Теледидарды сөреге, төсекке немесе шкаф ішіне қоймаңыз.
  - Теледидарды шүберектен, пердемен немесе газет, т.б. сияқты заттармен жаппаңыз.

— Теледидарды төменде көрсетілгендей орнатпаңыз.



Ауа айналатын аймақты бөгемеңіз.

## Қуат сымдары

Өрт, электр тоғы немесе басқа бұзылулардан және/немесе жарақаттанудан сақтану үшін, қуат айыршалары және көздерімен төмендегідей жұмыс істеңіз:

- Тек қана Sony қамтамасыз еткен қуат сымдарын ғана қолданыңыз, басқа емес.
- Айыршаны қуат көздеріне толық енгізіңіз.
- Теледидар құрылғысын 220 В – 240 В Айналымы тоқ көзіне ғана қосыңыз.
- Кабельдерді ұстағанда қауіпсіздігіңіз үшін қуат айыршаларын суырып тастаңыз және кабельдерге шалынып қалмаңыз.
- Теледидар құрылғысында жұмыс істегенде немесе теледидарды қозғағанда қуат айыршаларын қуат көзінен суырып тастаңыз.
- Қуат айыршаларын ыстықтан аулақ ұстаңыз.
- Қуат айыршаларын жиі суырып, тазалап тұрыңыз. Егер айыршаны шаң басса және ол ылғалданса, тоқтан айыратын қабы бүлініп, нәтижесінде өрт қаупі туындайды.

## Ескертулер

- Қамтамасыз етілген тоқ сымдарын басқа құралдарды қолданбаңыз.
- Тоқ сымдарын жаншып, шамадан тыс бұрамаңыз. Негізгі өткізгіштері ашылып қалуы немесе бүлінуі мүмкін.
- Тоқ сымдарын өзгертпеңіз.
- Тоқ сымдарының үстіне ауыр зат қоймаңыз.
- Тоқтан айырағанда тоқ сымдарынан тартпаңыз.
- Бір қуат көзіне бірнеше құрал қоспаңыз.
- Өлшемі дәл келмейтін қуат көздерін қолданбаңыз.

## Тыйым салынған Қолданыс

Теледидарды төменде берілген орындарда, орталарда және жағдайларда орнатпаңыз/қолданбаңыз, әйтпесе теледидар құрылғысы бұзылып, өрт, электр тоғы, бұзылу және/немесе жарақатқа себеп болады.

## Орын:

- Далада (тікелей күн көзі түсетін жерде), су жағасында, кемеде немесе басқа су келігінде, көлік ішінде, медициналық орындарда, орнықсыз жерлерде, су жанында, жауынды, ылғалды немесе түтінді ортада.

## Бөлмелер:

- Жәндіктер кіріп кетуі мүмкін ыстық, ылғалды немесе қатты шаң болған бөлме жайларда; теледидар механикалық тербеліске ұшырауы мүмкін; өрт қаупіні нысандар жанында (майшамдар және т.б.). Теледидарды су тамшылары мен су шашыраудан сақтау керек, және ішінде сұйығы бар ваза сияқты заттарды теледидардың үстіне қоюға болмайды.

## Жағдайлар:

- Қолдарыңыз ылғал болғанда, кабинет алынғанда немесе өнім жасаушысы ұсынбаған қондырмалар болғанда қолданыңыз. Найзағай болған кезде теледидарды электр қуат ұшығынан және антеннасынан ажырату керек.
- Теледидарды орнату шегінен асырып орнатпаңыз. Бұл қатерлі жарақаттарға немесе теледидардың зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.



- Теледидарды ылғалды немесе шаң жерлерге, майлы түтінге немесе буға толы бөлмеге (ас пісіретін үстелге немесе ылғалдатқышқа жақын) қоюға болмайды. Өртке, электр шоғына, немесе бейнесінің бүлінуіне себеп болады.



- Теледидарды тікелей күн сәулесі түсетін жоғары температуралы жерлерге, радиатор немесе жылыту құралдарының жанына қоюға болмайды. Мұндай ортада теледидар қызып кетіп, бұл қорабының бұзылуына немесе зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.



- Егер теледидар көпшілікке арналған мошна немесе ыстық бұлақ сияқты жерлерде орнатылса, ауадағы күкірт оның бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Бейне сапалы болу үшін теледидарды тікелей күн көзінен немесе жарықтан сақтаңыз.
- Теледидарды суықтан бірден жылы жерге ауыстырудан сақ болыңыз. Күтпеген температура өзгерісі ылғал жиналуына себеп болуы мүмкін. Бұл теледидар бейнесінің жөндеуіне/немесе түсінің сапасының төмендеуіне әкеледі. Бұндай жағдай болып қалғанда, ылғалдың ұшып кетуіне дейін теледидарды қоспаңыз.



## Сынған бөлшектер:

- Теледидарға ешнәрсе лақтырмаңыз. Экран өйнегі сынып, қатты жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- Теледидар беті шытынаса, қуат көзінен айырғанша ұстамаңыз. Олай болмаса, бұл электр тоғы қаупін тудыруы мүмкін.

## Қолданылмағанда

- Егер теледидарды бірнеше күн қолданбасаңыз, қауіпсіздік және қуатты үнемдеу үшін құрылғыны қуат көзінен ажыратып қойыңыз.
- Теледидар қуат көздерінен суырылмай, тек қана өшіріліп тұрса, қуат көздерінен суырып, толығымен өшіріңіз.
- Кейбір ТД жинақтары тиісінше жұмыс істеуі үшін қуат режимінде қалдырылуы тиіс.

## Балалар үшін

- Балаларға теледидар үстіне шығуға рұқсат бермеңіз.
- Қсақ жабдықтарын балалардан аулақ ұстаңыз, жұттып қоймасын.

## Егер көлесі ақаулықтар орын алса...

Көлесі мәселелер орын алса, бірден теледидарды **өшіріп**, қуат айыршаларын суырыңыз.

Сатушы немесе Sony қызмет орталығына хабарласып, маманданған қызметкерлер тексеріп беруін сұраңыз.

## Егер:

- Қуат сымдары бүлінсе.
- Қуат көзіне дәл келмесе.
- Теледидар құлап, соғылыу немесе үстіне бір нәрсе құлап бүлінсе.
- Жөшігіне сұйықтық төгілсе немесе қатты зат түсіп кетсе.

## ТД температурасы туралы

ТД ұзақ уақыт пайдаланылған кезде панельдің жан-жағы қызады. Сол жерді қолмен ұстағанда ыстықты сезесіз.

## Сақтандыру шаралары

### Теледидар қарау

- Теледидарды жеткілікті жарықта көріңіз, жеткіліксіз жарықта немесе ұзақ уақыт көру көзіңізді шаршатады.
- Құлақпандарды қолданғанда, дыбысты аса қатты орнатпаңыз, құлаққа зақым келеді.

### ОЖШД экраны

- ОЖШД экраны дәлдігі жоғары технологиямен жасалғанымен және оның пиксельдерінің 99,99 % -ы тиімді болғанымен, ОЖШД экранында қара нүктелер немесе жарықтың ашық түсті нүктелері (ақ, қызыл, көк немесе жасыл) көрінуі мүмкін. Бұл – ОЖШД экранының құрылымдық сипаты және ол ақаулық емес.
- Алдыңғы фильтрін қатты басып, тырнамаңыз, және теледидар үстіне заттар қоймаңыз. Бұл кескін біркелкі болмауы немесе ОЖШД экраны зақымданған болуы мүмкін.
- Теледидар қолданыста болғанда экраны мен қорабы қызуы мүмкін. Бұл бұзылғандық емес.
- Теледидарды тастаған кезде міндетті түрде жергілікті заңдар мен ережелерге сай тастаңыз.

### Теледидардың экраны/жөшігін тазалау мен күту

Тазалау алдында теледидарға қосылып тұрған тоқ сымдарын қуат көзінен суырыңыз.

Материал тозуын немесе экран жапқышының тозуын болдырмас үшін, келесі ескертулерді орындаңыз.

- Шаңды экран бетінен/теледидар жөшігінен жұмсақ шүберекпен сүртіп алыңыз. Егер шаң тазаланбаса, дымқыл шүберекке жұмсақ жуғыш ерітіндісін тамызып, сүртіп алыңыз.
- Суды немесе жуу құралын ешқашан тікелей теледидарға шашыратпаңыз. Ол экранның төменгі жағына немесе сыртқы бөліктеріне ағып, теледидарға еніп, оны зақымдауы мүмкін.
- Ешбір жағдайда абразивті материалдарды, сілтілі/қышқыл тазалағыштарын, тазалау ұнтақтарын және спирт, бензин, еріткіш немесе жәндіктерге қарсы у сияқты ұша еріткіштерді қолданбаңыз. Ондай материалдарды қолдану, ысқыш немесе хлоры бар материалдармен ұзақ қатынаста болу экранның бетін және теледидар жөшігін бүлдіреді.
- Қолыңызға қол кремі немесе күнде күйден қорғайтын крем сияқты кез келген химиялық зат жағылған болса, ТД-ға тиімдеңіз.
- Желдеткіш саныяуларын жиі шаң сорғышпен тазалап отырған абзап.
- Теледидар көру бұрышын бейімдегенде, теледидар қозғалып немесе үстелден сырғып кетпейтіндей ақырын жылжытыңыз.




### Қосымша Құралдар

- Қосымша бөлшектерді немесе электромагниттік радиация шығаратын құралдарды теледидардан алыс ұстаңыз. Керісінше жағдайда, бейне және/немесе дыбыс бұрмалануы мүмкін.
- Бұл жабдық сыналып, 3 метрден қысқа байланыс сигналы кабелін пайдаланумен ЭМУ директивасында орнатылған шектерге сәйкестігі анықталды.
- Бұл жабдық сыналып, жер/жерсерік/CATV терминялының 30 метрден қысқа RF кабелін пайдаланумен ЭМУ директивасында орнатылған шектерге сәйкестігі анықталды.

## Ғ типті ашалар үшін ұсыныс

Ішкі сымның жалғану бөлігінен шығыңқы жері 1,5 мм-ден аз болуы қажет.



(Ғ типті ашалардың сілтеме суреті)

### Құрылғының Сымызсыз Қызметі

- Құрылғыны медициналық құралдар жанында (пейсмейкер, т.б.) қолдануға болмайды медициналық құралдар зақымданады.
- Бұл құрал анықталмаған сигналдарды қабылдап/таратса да, рұқсаты жоқ кедергілерден сақ болыңыз. Біз осыған ұқсас мәселелер үшін жауап бере алмаймыз.
- Бұл жабдық осы құрылғы антеннасы мен тұлға денесі арасында 20 см немесе одан көп қашықтықты сақтаумен орнатылып басқарылуы керек.

### Алыстан Басқару құралын қолдану туралы ескертулер

- Батареяны салғанда, полярлығын сақтаңыз.
- Әр түрлі батареялар немесе ескі және жаңа батареяларды араластырып қолданбаңыз.
- Батареяларды жойған кезде, қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтаңыз. Кейбір аймақтарда батареяларды жою ережелері заңға бағындырылуы мүмкін. Бұл жөнінде жергілікті билік органдарымен байланысуыңызды сұраймыз.
- Алыстан басқару құралын елпен қолданыңыз. Түсіріп немесе басып кетпеңіз, немесе үстіне сұйықтық төгіп алмаңыз.
- Жылу шығатын жерлерге, күн сәулесі түсетін, немесе ылғалды белмеде сақтамаңыз.

### Теледидар құрылғысын лақтыру



**Қызмет мерзімі біткен электрлік және электрондық жабдықты залалсыз жою (бағыттама қалдықтарды бөлек жинау жүйелері жұмыс істейтін Еуропа Одағы мен басқа елдерде қолданылады)**



**Пайдаланылған аккумуляторларды залалсыз жою (қалдықтарды бөлек жинау жүйелері жұмыс істейтін Еуропа Одағы мен басқа елдерде қолданылады)**

## Теледидар экранын (ОЖШД теледидары) қорғау

### Экранды зақымнан қорғауға қатысты сақтық шаралары

#### Қалдық кескін

ОЖШД теледидарлары пайдаланылған материалдардың сипаттамаларының себебімен қалдық кескінге (жазу) әсерленгіш болып келеді. Егер кескіндер экрандағы бір жерде немесе ұзақ уақыт бойы қайта-қайта көріне берсе, қалдық кескін шығуы мүмкін. Бұл теледидардың ақаулығы емес. Кескіндердің қалдық кескін туындатуы мүмкін түрлерін көрсетпеуге тырысыңыз.

#### Мыналар қалдық кескін туындатуы мүмкін кескіндердің мысалдары:

- Экранның жоғарғы және төменгі және/немесе сол және оң жағындағы қара жолақтармен берілген мазмұн. (мысалы, келгенден жақтау, 4:3 экраны, қалыпты ажыратымдылық)
- Фотосуреттер сияқты тұрақты кескіндер.
- Экранның кейбір бөліктерінде тұрақты мазмұны болуы мүмкін бейне ойындар.
- Экрандағы мөзірлер, бағдарлама нұсқаулықтары, телерадио белгілері, т.б.
- Қолданбалардан келетін тұрақты мазмұн.
- Жаңалықтар мен тақырыптар үшін қолданылатын экрандағы жүгіртпе жолдар.

#### Қалдық кескін қаупін азайту үшін:

- Sony компаниясы теледидарды қашықтан басқару пультіндегі немесе теледидардағы қуат түймесін басып әдеттегідей өшіру кеңесін беріңіз.
- Қара жолақтарды жою үшін [Кең режим] режимін өзгерту арқылы экранды толтырыңыз. [Қалыпты] режимінен басқа [Кең режим] таңданыңыз.
- Экрандағы дисплейді [i] [?] түймесін басу арқылы өшіріп, жалғанған құрылғының мөзірлерін өшіріңіз. Толық мәліметтерді жалғанған құрылғының пайдалану нұсқаулықтарынан қараңыз.
- Ашық түсті (ақ түсті қоса) тұрақты кескіндерді, сағаттарды немесе логотиптерді экранның қай бөлігінде болмасын, көрсетпеуге тырысыңыз.
- Сурет параметрлерін қоршаған орта жағдайлары негізінде орнатыңыз. «Қалыпты сурет» үйде пайдалану үшін және станция логотиптерін, т.б. жиі көрсететін мазмұнды көргенде ұсынылады.

Теледидарда қалдық кескінді азайтуға/болдырмауға көмектесетін төмендегідей мүмкіндіктер бар.

#### Тақта жаңартуы

Тақта жаңартуы теледидар ұзақ уақыт бойы пайдаланған соң оның бір қалыптылығын реттеу үшін автоматты түрде іске қосылады. Тақта жаңартуы әрекетін қолмен де орындауға болады және ол тек қалдық кескін өте байқалатын болғанда немесе мына хабарды көргеніңізде ғана қолданылуы керек: [Тақтаны жаңарту аяқталмады...]

#### Абайлаңыз:

- Тақта жаңартуы функциясы тақтаға әсер етуі мүмкін. Ескеріңіз: Тақта жаңартуы әрекетін тек жылына бір рет орындаңыз, оны бір жылдан кем уақыт ішінде орындамаңыз, себебі ол тақтаның жарамды мерзімін қысқартуы мүмкін.
- Тақта жаңартуы аяқталғанша шамамен бір сағат өтеді.
- Тақта жаңартуы кезінде экранда ақ сызық көрсетілуі мүмкін, бұл теледидардың ақаулығы емес.
- Тақта жаңартуы тек бөлме температурасы 10 °C және 40 °C аралығында болғанда жұмыс істейді.

#### Пикселдік жылжыту


Қалдық кескінді болдырмау үшін экрандағы кескінді автоматты түрде жылжытады.

#### Басқа мүмкіндік


Тұрақты кескіндерді, сағаттарды, ашық түстерді немесе логотиптерді, т.б. көрсету кезінде экран жарықтығы автоматты түрде төмендейді.


# Бөлшектер мен басқару құралдары


## Басқару құралдары мен индикаторлар



### 1 (Қуат) / + / –

**ТД өшірулі болған кезде,**  
Іске қосу үшін  түймесін басыңыз.

**ТД іске қосулы болған кезде,**  
Қуатты өшіру үшін  түймесін басып тұрыңыз.

Функцияны өзгерту үшін  түймесін қайта-қайта басыңыз, содан кейін + немесе – түймесін басыңыз:

- Дыбыс деңгейін реттеу.
- Арнаны таңдаңыз.
- ТД кіріс көзін таңдау.

### 2 Қашықтан басқару датчигі\* / Шам сенсоры\* / Артқы шам LED

Артқы шам LED Теледидардың күйіне байланысты жанады немесе жыпылықтайды.


Толық ақпаратты Көмекші нұсқаулықтан қараңыз.

\* Сенсордың қасына қандай да бір затты қоймаңыз.

# Қашықтан басқару құралын пайдалану

## Қашықтан басқару құралы бөлшектерінің сипаттамасы

Қашықтықтан басқару пультінің пішіні, орналасуы, қолжетімділігі және түймешігінің жұмысы аймаққа/елге/ТД үлгісіне байланысты өзгешеленуі мүмкін.



### 1 →/↵ (Кіріс таңдау/Мәтін ұстау)

Теледидар режимінде: Кіріс көзін көрсетіңіз және таңдаңыз.

Мәтін режимінде: Ағымдағы бетті ұстаңыз.

### ⏻ (Теледидардың күту режимі)

Теледидарды қосу немесе өшіру (күту режимі).

### DIGITAL/ANALOG

Сандық пен аналогтық режим арасында ауысыңыз.



### 🗣️ (Микрофон)

Дауыс бойынша іздеу функциясын пайдаланыңыз. (мысалы, Өр түрлі контенттерді дауыс арқылы іздеу.)



### EXT.BOX MENU

HDMI CEC пішіміне үйлесімді құрылғы қосылып тұрғанда ғана, «Сыртқы антенна» (кабель/спутниктік антенна) мәзірін пайдаланыңыз.



### ⬅️/➡️/⬆️/⬇️/⬅️/➡️/⬆️/⬇️ (D-Pad навигациялық панелі)

Навигация және экрандық мәзірді таңдау.



### TV

ТД арнасына немесе кіріс құрылғыға ауысып, ТД мәзір тақтасын көрсетіңіз.

### TV/RADIO

TV немесе RADIO таратуы арасында ауысыңыз.

### EXIT

Алдыңғы экранға оралыңыз немесе мәзірден шығыңыз. «Интерактивті бағдарлама» қызметі қол жетімді болғанда қызметтен шығу үшін басыңыз.



## 2 Сан түймелері

### /? (Ақпарат/Мәтін шығару)

Дисплей ақпараты.

### (Мәтін)

Мәтін ақпаратын көрсету.

## 3 Google Play

«Google Play» онлайн қызметіне кіру.

### NETFLIX (Тек шектелген аймақта/елде/ ТД үлгісі)

«NETFLIX» онлайн қызметіне кіру.

### Түс теймелері

Бір уақытта сәйкес әрекет орындалады.

## 4 ACTION MENU

Контексттік функциялар тізімін көрсету.

### GUIDE/

Сандық бағдарлама нұсқаулығын көрсету.

### APPS

Өртүрлі қызметтерге және қосымшаларға қолжетімдік.

### BACK/

Алдыңғы экранға оралу.

### HOME

Теледидардың Басты бет мәзірін көрсету.

## 5 +/- (Дыбыс деңгейі)

Дыбыс деңгейін реттеу.



### (Секіру)

Екі арна немесе кіріс арасында ары-бері өту. Теледидар ағымдағы арна немесе кіріс және соңғы арна немесе таңдалған кіріс арасында ауысады.

### (Дыбысты өшіру)

Дыбысты өшіру. Дыбысты қалпына келтіру үшін қайта басыңыз.

### PROG +/-//

Теледидар режимінде: Арнаны таңдаңыз.  
Мәтін режимінде: Келесі () немесе алдыңғы () бетті таңдаңыз.

## 6 AUDIO

Ағымдағы уақытта көрсетіп тұрған бағдарламаның тілін өзгертіңіз.



Теледидардағы және қосылған BRAVIA синхрондау үйлесімді құрылғысындағы мультимедиа контенттерін басқару.

### (Субтитр параметрі)

Субтитрлерді қосу немес өшіру (мүмкіндік қол жетімді болғанда).

### HELP

Анықтама мәзірін көрсету. Көмекші нұсқаулығына осы жерден кіруге болады.

### ● REC


Ағымдағы бағдарламаны USB HDD жазу функциясымен жазу.

### TITLE LIST

Тақырыптар тізімін көрсету.

# Байланыс диаграммасы

Байланыс туралы толық ақпаратты қашықтан басқару құралындағы **HELP** түймесін басумен Көмекші нұсқаулықтан қараңыз.




### 1 CAM (Шартты қолдану модулі)

- Ақылы Теледидар қызметтеріне кіруді қамтамасыз етеді. Мәліметтер алу үшін CAM бірге берілетін пайдалану нұсқаулығын қараңыз.
- Смарт картаны Теледидардың CAM ұяшығына тікелей салмаңыз. Ол авторизацияланған дилер қамтамасыз еткен Шартты Кіру Модуліне орналастырылуы қажет.
- CAM параметрі кейбір елдерде/аймақтарда қолдау көрсетілмейді. Авторизацияланған дилерден тексеріңіз.
- Интернет бейне параметрін пайдаланғаннан кейін сандық бағдарламаға ауысқанда CAM хабары пайда болуы мүмкін.

### 2 AV IN

- Күрделі қосылым үшін Аналогтік ұзарту кабелін пайдаланыңыз (жинаққа кірмейді).



### 3 AUDIO OUT


- Тек 3 полюстік стерео мини ұяға қолдау көрсетіледі.
- Теледидардың дыбысын қосылған жабдық арқылы тыңдау үшін **HOME** пернесін басыңыз. [Параметрлер] → [Дыбыс] → [Құлақспап/аудио шығысы] параметрін тандап, қажетті элементті таңдаңыз.

### 4 USB 1/2, SS, USB 3 (HDD REC)\*2

- Үлкен USB құрылғысын қоссаңыз, оның қасындағы басқа қосылған құрылғыларға кедергі келтіруі мүмкін.
- Үлкен USB құрылғысын қосқанда USB 1 портына қосыңыз.
- USB HDD құрылғысын USB 3 (көк) портына қосыңыз.

### 5 HDMI IN 1/2/3/4

- HDMI интерфейсі бір кабельге сандық бейне және дыбыс тарата алады.



#### • HDMI IN 2/3

Жоғары сапалы 4K 50p/60p контенттерін пайдалану үшін, жылдамдығы өте жоғары HDMI кабелін HDMI IN 2/3 ұяшығына жалғап, [HDMI сигнал пішімі] параметрін [Жақсартылған пішім] күйіне орнатыңыз.

Қолдау көрсетілетін пішімдер туралы осы нұсқаулықтағы «Техникалық сипаттары» бөлімін қараңыз (16-18 бет).

#### • HDMI IN 3 ARC (Дыбыс қайтару арнасы)

Теледидардың аудиосын аудиожүйеге шығару үшін аудиожүйені HDMI IN 3 қосыңыз. HDMI ARC қолдайтын дыбысжүйе бейнені ТД-ға жібере алады және дәл сол HDMI кабелі бойынша телевизордан дыбыс ала алады. Егер құрылғыңыздағы дыбыс жүйесі HDMI ARC арнасына қолдау DIGITAL AUDIO OUT (OPTICAL) көрсетпейтін болса, онда көмегімен қосымша қосылу қажет.


**6** **ТГ (RF кірісі),  (Жерсеріктік антенна кірісі)**

- Жердегі/кабельдік және жерсеріктік таратуға арналған қосылымдар. Қосылу қадамдары: SUB. → MAIN → Антенна
- SUB. ұяшығына EN50494 жалғыз кабель таратылымын ескермегенде қос тюнер режимін пайдалану кезінде ғана қосыңыз.

\*1 SCART AV OUT ғана бар сыртқы құрылғы үшін SCART-RCA бейімдегішін және аналогты ұзартқыш кабельді пайдаланыңыз.

\*2 Тек шектелген аймақта/елде/ТД үлгісі.

**Ескертулер**

- Кабельдер бүйірлік терминалға жалғанып тұрғанда бүйірлік қақпақты  тағу мүмкін емес.
- Бүйірлік қақпақты болашақта пайдалану үшін қауіпсіз жерде сақтаңыз.

## Теледидарды қабырғаға бекіту

Осы ТД пайдалану нұсқаулығында қабырғаға монтаждау алдында телевизорды орнатуға дайындау жөніндегі қадамдар ғана көрсетілген.

### Тұтынушыларға:

Өнімді қорғау және қауіпсіздікті сақтау мақсатында Sony теледидардың Sony дилерлері немесе лицензияланған мердігерлері тарапынан орындалуын ерекше ұсынады. Оны өзіңіз орнатуға тырыспаңыз.

### Sony дилерлеріне және мердігерлеріне:

Өнімді орнату, аралық техникалық қызмет көрсету және тексеру барысында қауіпсіздікке ерекше мән беріңіз.


Бұл өнімді орнату үшін, әсіресе қабырғаның теледидар салмағын көтере алатынын тексеру үшін жеткілікті біліктілік қажет. Бұл өнімнің қабырғаға орнатылуын міндетті түрде Sony дилерлеріне немесе лицензияланған мердігерлеріне тапсырыңыз және орнату барысында қауіпсіздікке мән беріңіз. Өнімді дұрыс қолданбау немесе орнатпау нәтижесінде туындаған зақымдарға немесе жарақаттарға Sony компаниясы жауапты болмайды.

Теледидарды қабырғаға орнату үшін SU-WL450 Қабырғаға орнатылатын кронштейнді (жинаққа кірмейді) пайдаланыңыз.

Қабырғаға орнататын кронштейн орнатылатын кезде, Қабырғаға орнататын кронштейнмен бірге берілетін Жұмыс істеу бойынша нұсқаулық пен Орнату бойынша нұсқаулыққа қараңыз. SU-WL450 қабырғаға орнатылатын кронштейнін орнату үшін (теледидармен бірге берілген) **M6L23** бұрандаларын пайдалануды ұмытпаңыз.

### Ескертулер

- Теледидар қабырғаға толық орнатылып болғанда, аяқ бөлшектері мен бұрандаларды алып тастауға болады.



- Алынып тасталған аяқ бөлшектері мен бұрандаларды балалардың қолы жетпейтін қауіпсіз жерде сақтаңыз.
- Үстел тұғырын пайдаланған кезде, аяқ бөлшектері мен бұрандаларды бастапқы орнына бекітіңіз. Электр бұрауышты пайдалансаңыз, айналдыру моментін шамамен 0,4 Н·м {4 кгк·см} мәніне орнатыңыз.




Қабырғаға бекітетін кронштейнді орнату бойынша нұсқаулықтарды Сіздің ТД үлгісіне арналған өнімнің парағындағы Орнату (қабырғаға бекітетін кронштейнді) туралы мәліметтерден қараңыз.


[www.sony.eu/support/](http://www.sony.eu/support/)

## Теледидарды қабырғаға бекіту (Үстел тұғырынан)

1 Тұғыр қақпағы мен терминал қақпақтарын алып тастаңыз.



2 ТД артқы жағынан бұрандаларды алыңыз.




## Ақаулықты жою

Қара экран, дыбыс жоқ, қатырылған сурет, ТД жауап бермейді немесе желі жоғалды сияқты жалпы ақаулықты шешу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

- 1 Хабар пайда болғанша қашықтан басқару құралындағы қуат түймесін басумен ТД-ны қайта іске қосыңыз. ТД қайта іске қосылады. Егер ТД жабылмаса, ТД қуат сымын үш минутқа ажыратып, одан кейін қайта қосыңыз.
- 2 Қашықтан басқару құралындағы **HELP** түймесін басумен Анықтама мәзірін қараңыз.
- 3 ТД-ны Интернетке қосып, бағдарламалық жасақтама жаңартуын орындаңыз.
- 4 Sony қолдау көрсету веб-сайтына кіріңіз (ақпарат артқы қақпақта берілген).

### [Теледидардың жүйелік бағдарламасының жаңа жаңартуы қол жетімді...] хабары көрсетілген кезде.

Sony ұйымы [Қазір жаңарту] опциясын таңдаумен ТД бағдарламалық жасақтамасын жаңартуды қатаң түрде ұсынады. Осы бағдарламалық жасақтама жаңартулары ТД өнімділігін жетілдіреді немесе жаңа мүмкіндіктер қосады. Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту барысында [Updating...] (Жаңартылуда...) хабары экранда көрсетіледі және жарық диоды жыпылықтайды.



Бағдарламалық құрал жаңартылып жатқан кезде айнаымалы тоқ сымын розеткадан ажыратпаңыз. Ажыратсаңыз, бағдарламалық құралды жаңарту толық аяқталмай қалып, оның жұмыс істеуіне зиян келуі мүмкін. Бағдарламалық құралды жаңарту 15 минутқа дейінгі уақытты алуы мүмкін.

ТД-ны қосқан кезде қашықтан басқару құралындағы немесе ТД-дағы қуат түймесін басса да ТД-ның қосылмауы мүмкін.

Жүйені баптандыруға уақыт кетеді. Шамамен бір минут күтіп, одан кейін қайта пайдаланыңыз.

## Ақаулар және шешімдер

### Жарық диоды қызыл түсте жыпылықтаған кезде.

- Оның қанша уақыт (уақыт аралығы үш секунд) жыпылықтайтындығын санаңыз. Қуат сымын үш минутқа ажыратып, ТД параметрін ысырыңыз, содан соң ТД-ны қосыңыз. Егер мәселе қайталанса, қуат сымын ажыратып, жарық диодының жыпылықтау санымен дилерге немесе Sony қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

### Жер үсті/кабель қызметі қабылданбайды.

- Антенна (өуелі)/кабель байланысын және күшейткіш параметрлерін тексеріңіз.
- Қашықтан басқару құралында **DIGITAL/ANALOG** түймесін басумен жер үсті/кабель қызметін таңдаңыз. Егер хабар тарату қызметі көрсетілмесе, **TV** түймесін басып, **DIGITAL/ANALOG** түймесін басыңыз.
- Егер жақында күшті сигнал берілсе, жер үсті сигналы басылуы мүмкін. Сандық ретке келтіру параметрлерінде [LNA (AP ---)] опциясын [Өшірулі] күйіне орнатыңыз.
- Жаңа үйге жылжытқаннан кейін немесе жаңа қызметтерді алғаннан кейін [Сандық тюнинг] опциясын таңдаумен қызметті іздеп көріңіз.

### Жерсерік қызметі қабылданбайды.

- Жерсерік кабелі байланысын тексеріңіз.
- [Сигнал жоқ. LNB жүктелуі анықталған...] хабары көрсетілген кезде қуат сымын ажыратыңыз. Одан кейін жерсерік кабелі зақымдалмағанын және жерсерік коннекторындағы жерсерік сигналы желісі қысқа тұйықталмағанын тексеріңіз.

### Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.

- Батареяларды ауыстырыңыз.

### Қашықтан басқару пультіңдегі EXT.BOX MENU түймешігі жұмыс істемейді.

- HDMI CEC пішіміне үйлесімді құрылғыны қосып, тиісті клеммаға ауыстырыңыз.

### Хабар тарату құпия сөзінің ата-аналық құлпы ұмытылды.

- PIN коды үшін 9999 енгізіп, [PIN кодын өзгерту] опциясын таңдаңыз.

## Теледидардың үстінгі беттері ысып кетеді.

- ТД ұзақ уақыт пайдаланылған кезде ТД жан-жағы қызады. Сол жерді қолмен ұстағанда ыстықты сезесіз.

## Теледидар көру барысында экран қараңғылау болады.

- Егер кескін толығымен не оның бір бөлігі тұрақты күнде қалса, қалдық кескін әсерін азайту үшін экран жарықтығы біртіндеп азаяды. Бұл теледидардың ақаулығы емес.

## Сіз қалдық кескінге қатысты қобалжисыз.

Бір кескін ұзақ уақыт бойы қайта-қайта көрсетіле берсе, қалдық кескін пайда болуы мүмкін. Қалдық кескін жағдайын азайту үшін, теледидарды қашықтан басқару пультіндегі немесе теледидардағы қуат түймесін басып әдеттегідей өшірген жөн.

## Ескертулер

- Панельді қалдық кескін әсіресе анық көрініп тұрғанда қолмен жаңартыңыз. Анықтама ретінде оны жылына бір рет орындаңыз. Оны жылына бір реттен көп орындамаңыз, себебі ол панельдің пайдаланылу мерзіміне әсер етуі мүмкін.
- Сағаттарды, логотиптерді және ашық түстерді (ақ түсті қоса) қамтитын кескіндер қалдық кескін әсерін оңай туындатады. Осындай кескін түрлерін ұзақ уақыт бойы көрсетпеңіз, әйтпесе, қалдық кескін туындауы мүмкін.

## Экранда ақ сызық пайда болады.

- Тақта жаңартуы теледидар ұзақ уақыт бойы пайдаланылған соң қалдық кескін әсерін азайту үшін автоматты түрде іске қосылады. Тақта жаңартуы теледидар өшкен соң басталып, шамамен бір сағатқа дейін созылады. Тақта жаңартуы барысында экранда ақ сызық көрінуі мүмкін. Бұл теледидардың ақаулығы емес.

## [Тақтаны жаңарту аяқталмады...] хабары көрінеді.

Тақта жаңартуы теледидар ұзақ уақыт бойы пайдаланылған соң қалдық кескін әсерін азайту үшін автоматты түрде іске қосылады.

Егер теледидар іске қосылған болса, Айнымалы ток қуат сымы (электр сымы) ажыратылса немесе Тақта жаңартуы барысында бөлме температурасы 10 °C және 40 °C ауқымынан төмендесе, бұл процесс аяқталмайды және осы хабар көрінеді.

- Егер Тақта жаңартуы автоматты түрде басталса, теледидар өшірілген кезде (қашықтан басқару пультімен) ол қайта іске қосылады.
- Егер Тақта жаңартуы қолмен іске қосылса, оны қайта таңдауыңыз керек.

# Техникалық сипаттары

## Жүйе

Панель жүйесі

ОЖШД (органикалық жарық шығару диоды) панелі

ТД жүйесі

Ел/аймақ таңдауына/ТД үлгісіне байланысты

Аналогия: В/С, D/K, I

Сандық: DVB-T/DVB-C

DVB-T2\*

Жерсерік\*: DVB-S/DVB-S2

Түс жүйесі

PAL/SECAM/NTSC3.58 (Тек бейне)/NTSC4.43

(Тек бейне)

Қабылдайтын арналар ауқымы

Ел/аймақ таңдауына/ТД үлгісіне байланысты

Аналогия: UHF/VHF/Кабель

Сандық: UHF/VHF/Кабель

Жерсерік\*: Жілік 950-2150 МГц болса

Дыбыс шығысы

10 Вт + 10 Вт + 10 Вт + 10 Вт + 10 Вт

Сымсыз технология

IEEE802.11ac/a/b/g/n протоколы

(IEEE802.11ac елдерге/аймақтарға байланысты қолжетімді болмауы мүмкін.)

Bluetooth 4.1 нұсқасы

- \* Барлық ТД жинақтарында DVB-T2 немесе DVB-S/S2 технологиясы немесе спутниктік антенна клеммасы бола бермейді.

## Кіру/Шығу ұялары

Антенна (әуелі)/кабель

75 ом сыртқы нүкте VHF/UHF үшін

Серік антеннасы

F Типті коннектор, 75 Ом.

DiSEqC 1.0, LNB 13 V/18 V & 22 кГц үндестігі,

Жалғыз кабель тарат. EN50494.

AV IN

Бейне/дыбыс кірісі (шағын ұя)



HDMI IN 1/2/3/4 (4K ажыратымдылығын қолдайды, HDCP 2.2 үйлесімді)

Бейне:

4096 × 2160p (50, 60 Гц)<sup>\*1+2</sup>, 4096 × 2160p (24 Гц)<sup>\*1</sup>, 3840 × 2160p (50, 60 Гц)<sup>\*2</sup>, 3840 × 2160p (24, 25, 30 Гц), 1080p (30, 50, 60 Гц), 1080i/24p, 1080i (50, 60 Гц), 720p (30, 50, 60 Гц), 720i/24p, 576p, 576i, 480p, 480i, ДК форматтары<sup>\*3</sup>

<sup>\*1</sup> 4096 × 2160p пиксель мәні белгіленген кезде және [Кең режим] белгісі [Қалыпты] үстіне орнатылған кезде таратылым 3840 × 2160p пиксель ретінде бейнеленеді. 4096 × 2160p пиксельді бейнелеу үшін [Кең режим] параметрі үшін [Толық 1] немесе [Толық 2] мәнін белгілеңіз.

<sup>\*2</sup> Тек HDMI IN 2/3. Секундына 18 Гбитке қолдау көрсетуі үшін, [HDMI сигнал пішімі] параметрін [Жақсартылған пішім] мәніне орнатыңыз.

<sup>\*3</sup> Толығырақ ақпарат алу үшін Көмекші нұсқаулыққа жүгініңіз.

Дыбыс:


5,1 арна жолы PCM: 32/44,1/48/88,2/96/176,4/192 кГц 16/20/24 бит, Dolby Digital, Dolby Digital Plus және DTS

ARC (Аудио оралу арнасы) (тек HDMI IN 3)

(Екі арналы сызықтық PCM: 48 кГц 16 бит, Dolby Digital, Dolby Digital Plus, DTS)


⊖ DIGITAL AUDIO OUT (OPTICAL)

Цифрлы оптикалық ұя (Екі арналы сызықтық PCM: 48 кГц 16 бит, Dolby Digital, DTS)

AUDIO OUT  (Стерео мини-джек)

Құлақсап, дыбыс шығысы, төменгі жиілікті динамик

 1,  2,  3 (HDD REC)<sup>\*1</sup>

USB құрылғы порты (ЖАЗУ мүмкіндігіне арналған  3 USB HDD құрылғысы)

USB 1 және 2 порты Жоғары жылдамдықты USB (USB 2.0) қолдайды

USB 3 порты Өте жылдам USB (USB 3.1 Gen 1) қолдайды



CAM (Шартты қолдану модулі)

 LAN

10BASE-T/100BASE-TX байланыстырғышы (желі жұмысы ортасына байланысты байланыс жылдамдығы әр түрлі болуы мүмкін. 10BASE-T/100BASE-TX қарым-қатынас мөлшері мен қарым-қатынас сапасына бұл теледидар үшін кепілдеме берілмейді.)

## Басқалар

Қосымша жабдықтар

Қабырғаға орнататын кронштейн: SU-WL450

Сақтау шарты:

Өнімдерді қараңғы, құрғақ, таза, жақсы желдетілетін қышқылдар мен сілтілік металдар сақталған орыннан оқшауланған бумада сақтау қажет. Сақтау температурасы\*: -20 °C мен +60 °C аралығы. Сақтау ылғалдылығы\*: < 80 % салыст. ылғалдылық (конденсациясыз).

\* Ескерту: Екі параметрдің ең үлкен мәндеріне бір уақытта жету мүмкін емес.

Жұмыс температурасы: 0 °C мен 40 °C аралығы.

Жұмыс ылғалдылығы: 10 % – 80 % салыст. ылғалдылық (конденсациясыз).

## Қуат, өнім микрофишасы және басқалар

Қуат талаптары

220 В – 240 В айнымалы тоқ, 50 Гц

Қуат тиімділігінің тобы<sup>\*5</sup>

KD-65AF8: B

KD-55AF8: B

Экран өлшемі (диагоналинан өлшенеді) (Шамамен)

KD-65AF8: 163,9 см / 65 дюйм

KD-55AF8: 138,8 см / 55 дюйм

Тұтынылатын қуат

[Стандартты] режимінде

KD-65AF8: 186 Вт

KD-55AF8: 149 Вт

[Жарық] режимінде

KD-65AF8: 501 Вт

KD-55AF8: 392 Вт

Орташа жылдық қуат шығыны<sup>\*2</sup>

KD-65AF8: 258 кВт/сағ

KD-55AF8: 207 кВт/сағ

Күту режимінде тұтынылатын қуат<sup>\*3+4+5</sup>

0,50 Вт (бағдарлама құралында 27 Вт EPG

жаңарту режимі)

Дисплей ажыратымдылығы

3840 нүктелер (көлденеңінен) × 2160 сызықтар (тігінен)

Шығыс қуат

USB 1/2

5 V , 500 mA МАКС

USB 3

5 V , 900 mA МАКС

## Өлшемдер (Шамамен) (е × б × ү)

Үстел үстіне қойылатын тірегімен бірге

KD-65AF8: 144,7 × 84,1 × 25,5 см

KD-55AF8: 122,6 × 71,7 × 25,5 см

Үстел үстіне қойылатын тірегіңіз

KD-65AF8: 144,7 × 83,6 × 5,5 см

KD-55AF8: 122,6 × 71,2 × 5,5 см

## Масса (шамамен)

Үстел үстіне қойылатын тірегімен бірге

KD-65AF8: 28 кг

KD-55AF8: 22,2 кг

Үстел үстіне қойылатын тірегіңіз

KD-65AF8: 24,4 кг

KD-55AF8: 18,7 кг

\*1 Тек шектелген аймақта/елде/ТД үлгісі.

\*2 Жылдық тұтынылатын қуат, 365 күн бойы күніне 4 сағаттан қосылу тұратын теледидардың тұтынатын қуаты назарға алынған. Нақты қуат шығыны теледидардың қалай пайдаланатынына байланысты болады.

\*3 Көрсетілген күту режимінде тұтынылатын қуатқа теледидар қажетті ішкі процестерді аяқтағанда жетеді.

\*4 Теледидар желіге қосылғанда күту режимінің қуат тұтынуы артады.

\*5 Энергияның пайдаланылу тиімділігіне қатысты жапсырма құрылғымен бірге жеткізіледі.

## Ескертулер

- Қосымша керек-жарақтардың бар болуы елдерге/аймаққа/теледидар үлгілеріне/қорларға байланысты.
- Дизайны мен техникалық сипаттары ескертусіз өзгертіледі.

## Сандық теледидар қызметі туралы нұсқаулар

- Сандық ТД (DVB жер, жерсерік және кабель), интерактивті қызметтер және желі функциялары барлық елдерде немесе аймақтарда қолжетімді бола бермейді. Кейбір функциялар қосылмауы мүмкін немесе кейбір провайдерлермен және желі орталарымен дұрыс істемеуі мүмкін. Кейбір ТД қызмет провайдерлері қызметтері үшін ақы алуы мүмкін.
- Бұл ТД-да MPEG-2, H.264/MPEG-4 AVC және H.265/HEVC кодектерімен сандық хабар таратуға қолдау көрсетіледі, бірақ барлық оператор/қызмет сигналдарымен үйлесімділік уақыт өте келе өзгермейтініне кепілдік берілмейді.

## Сауда белгілері туралы ақпарат

- HDMI және HDMI High-Definition Multimedia Interface терминдері, сондай-ақ HDMI логотипі АҚШ пен басқа елдерде тіркелген HDMI Licensing Administrator, Inc. тауарлық белгілері және тіркелген тауарлық белгілері болып табылады.
- Dolby Laboratories-тің рұқсатымен өндірілген бағдарлама өнімдері үшін керек. Dolby, Dolby Audio және қос-D Dolby Laboratories-тің сауда белгісі.
- «BRAVIA», BRAVIA және BRAVIA синхрондау тауарлық белгілер немесе Sony корпорациясы тіркелген тауарлық белгілері болып табылады.
- Gracenote белгісі. Gracenote танымбелгісі мен логотипі, «Powered by Gracenote» тауарлық белгісі тіркелген тауарлық белгілер болып табылады, не болмаса АҚШ-та және/немесе басқа елдерде тіркелген Gracenote, Inc. тауарлық белгілері болып табылады.
- Vewd® Core. Copyright 1995-2017 Vewd Software AS. All rights reserved.
- Google, Android TV, Google Play, Chromecast built-in, YouTube және басқа белгілер мен логотиптер Google LLC компаниясының сауда белгілері болып табылады.
- Wi-Fi®, Wi-Fi Alliance®, Wi-Fi Direct® және Miracast® Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.
- Wi-Fi Protected Setup™ — Wi-Fi Alliance компаниясының сауда белгісі.
- Wi-Fi CERTIFIED™ логотипі — Wi-Fi Alliance компаниясының сертификаттау белгісі.
- DTS патенттерін <http://patents.dts.com> мекенжайында таба аласыз. DTS Лицензиялау ЖАҚ лицензиясымен жасақталған. DTS, Нишаны, & DTS және Нишанымен бірге тіркелген сауда белгісі болып табылады, және DTS Сандық көлемді дыбыстау DTS, Корпорациясының сауда белгісі болып табылады. © DTS, Корпорациясы. Барлық құқықтар қорғалған.

- Bluetooth® маркалық таңбасы мен логотиптері - Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі тіркелген сауда белгілер және осы секілді белгілерді Sony корпорациясының қолдануы лицензияға сай. Басқа сауда белгілері мен атаулары өз иелеріне тиесілі болып табылады.
- Netflix — Netflix, Inc. компаниясының тіркелген сауда белгісі.
- DiSEqC™ EUTELSAT сауда белгісі болып табылады. Бұл теледидар DiSEqC 1.0 бағдарламасын қолдайды. Теледидар моторлы антенналарды басқаруға арналмаған.
- TUXERA — АҚШ және басқа елдердегі Tuxera Inc. корпорациясының тіркелген сауда белгісі.
- USB-IF SuperSpeed USB үш тармақты логотип USB Implementers Forum, Inc. компаниясының тіркелген сауда белгісі.  

- Барлық басқа сауда белгілері тиісті иеленушілердің меншігі болып табылады.



**4K**

Actual resolution: 3840 x 2160 pixels



Көмекші нұсқаулық

[http://rd1.sony.net/help/tv/faep1/h\\_aep/](http://rd1.sony.net/help/tv/faep1/h_aep/)



Sony өнімдерінің пайдалы ақпараттары

[www.sony.eu/support](http://www.sony.eu/support)

<http://www.sony.net/>

© 2018 Sony Visual Products Inc.